



## «БЕКІТЕМІН»

Қожа Ахмет Ясауи атындағы  
Халықаралық қазақ-түрік  
университетінің әлеуметтік-  
мәдени даму вице-президент  
А.А.Тұрғанбаев  
2021 ж.

## Студенттік Кеңес Ережесі

### 1. Жалпы ережелер

1.1. Халықаралық қазақ-түрік университетінің Студенттік Кеңесі - білім алушылардың білім беру үрдісін басқаруға қатысу құқығын іске асыруды қамтамасыз етуге, студент жастардың тіршілік әрекетінің маңызды мәселелерін шешуге, оның әлеуметтік белсенділігін дамытуға, әлеуметтік бастамаларды қолдауға және іске асыруға бағытталған университетіміздің студенттік өзін-өзі басқарудың тұрақты жұмыс істейтін өкілді алқалы органы.

1.2. Университеттің Студенттік Кеңесі заңды тұлға болып табылмайды, дербес балансы, жеке шоттары жоқ, өз атына мүліктік және мүліктік емес құқықтар мен міндеттерді ала алмайды.

1.3. Университеттің Студенттік Кеңесі өз қызметінде ҚР Конституциясын, ҚР заңдарын, Университеттің ішкі тәртіп ережелерін, осы Ережені және Университеттің басқа да жергілікті нормативтік актілерін басшылыққа алады.

1.4. Университеттің Студенттік Кеңесі қатысушылардың еріктілік, жариялылық және тең құқылық қағидалары негізінде әрекет етеді.

### 2. Университеттің Студенттік Кеңесінің мақсаты мен міндеттері

2.1. Университеттің Студенттік Кеңесінің негізгі мақсаты:

- Университеттегі басқаруды, білім беру процесінің сапасын бағалауға студенттердің қатысу құқығын іске асыруды қамтамасыз ету;
- Университеттің әлеуметтік маңызы бар студенттік бастамаларын дамыту және қолдау;
- Студенттік дәстүрлерді сақтау және дамыту, азаматтық мәдениетті, студенттердің белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру, олардың әлеуметтік жетілуін, дербестігін, өзін-өзі ұйымдастыру және өзін-өзі дамыту қабілетін дамытуға жәрдемдесу;
- Студенттердің жалпы мәдени құзыреттілігін қалыптастыру;

2.2. Осы мақсаттарға жету үшін Университеттің Студенттік Кеңесі келесі функцияларды жүзеге асырады:

- Университеттің білім беру және оқудан тыс қызметінің негізгі бағыттары және студенттердің білім беру, ғылыми, мәдени, әлеуметтік және ұйымдастырушылық және тұрмыстық салалардағы өзекті қажеттіліктерін талдау арқылы олардың проблемаларын ескере отырып, оларды іске асыру тетіктері бойынша ұсыныстар әзірлейді;
- Университеттің құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын жергілікті нормативтік актілерді қабылдау кезінде білім алушылардың пікірін білдіреді;
- Студенттердің мүдделерін қозғайтын мәселелерді шешуге және мәселелерді талдауға, оларды шешудің жолдары мен әдістерін іздеуге көмек көрсетеді;
- Университет басшылығына студенттердің мүдделерін қозғайтын мәселелерді шешуде, тәрбие үдерісін ұйымдастыруда көмек көрсетеді;
- Азаматтық мәдениетті қалыптастыруға, университет студенттерінің белсенді азаматтық позициясын қалыптастыруға қатысады;
- Білім алушылар арасында өзара сыйластық пен құндылықтарды сақтау мен дамытуға ықпал етеді;
- Университет студенттерінің жеке және кәсіби қасиеттерін дамытуға және жүзеге асыруға жәрдем етеді;
- Білім алушылардың Университеттің ғылыми және инновациялық қызметіне қатысуын ұйымдастырады;
- Университет студенттеріне оқу және оқудан тыс қызметтің әр түрлі салаларындағы жетістіктері үшін, соның ішінде Университеттің Студенттік Кеңесінің қызметіне, ғылыми және қоғамдық өміріне белсенді қатысқаны үшін көтермелеу жүйесін әзірлеуге қатысады;
- Тәртіптік комиссияларға қатысады;

### **3. Университеттің Студенттік Кеңесінің өкілеттігі**

3.1. Университеттің Студенттік Кеңесі құқылы:

- Білім алушылардың мүдделерін қозғайтын жергілікті нормативтік актілерді жетілдіру бойынша өз ұсыныстарын енгізу;
- Университет білім алушыларының оқу тәртібін және ішкі тәртіп ережелерін бұзумен байланысты мәселелерді қарауға қатысу үшін өкілдерді жіберу;
- Оқу және оқудан тыс қызметтің әр түрлі салаларындағы жетістіктері үшін білім алушыларды, соның ішінде Университеттің Студенттік Кеңесінің, ғылыми және қоғамдық өміріне белсенді қатысқандарды көтермелеу жүйесін әзірлеуге қатысу;

- Университеттің тиісті лауазымды тұлғаларынан Студенттік Кеңестің қызметі үшін белгіленген тәртіпте қажетті ақпаратты сұрау және алу;
- Университеттің оқудан тыс іс-шараларын жоспарлауға, дайындауға және өткізуге қатысу;

### 3.2. Студенттік кеңес міндетті:

- Студенттік Кеңеске түскен барлық өтініштерді уақытылы қарау;
- Осы Ережеге және Университетіміздің Студенттік Кеңесінің оқу жылына арналған жұмыс жоспарына сәйкес жұмыс жүргізу;
- Студенттердің әлеуметтік маңызды бастамаларын қолдау;
- Белгіленген тәртіпте Университеттің тиісті лауазымды тұлғалары мен құрылымдық бөлімшелері алдында білім алушылардың мүдделерін білдіру;
- Университеттің өкілетті лауазымды тұлғалары мен құрылымдық бөлімшелерін өз қызметі және оның нәтижелері туралы хабарлар ету;

## 4. Университеттің Студенттік Кеңесін және Студенттік Кеңес органдарын құру тәртібі

4.1. Университеттің Студенттік Кеңесі студенттердің, Университеттің жалпы жиналыстарында тиісті құрылымдық бөлімше (бұдан әрі - бөлімше) студенттерінің жартысынан кем емес қатысуымен, осы бөлімшенің студенттері үшін – Университеттің Студенттік Кеңесінің мүшелігіне үміткер ретінде дауыс беру жолымен құрылады. Студенттік Кеңестің сандық құрамы әр бөлімшеден өкілдердің тең санына байланысты анықталады;

4.2. Студенттік Кеңеске сайлау тікелей және ашық болып табылады. Сайлауға тиісті бөлімшенің барлық студенттері қатысуға құқылы;

4.3. Тәртіптік жазасы бар немесе академиялық демалыста жүрген студенттің Университеттің Студенттік Кеңесіне сайлануға құқығы жоқ;

4.4. Сайлау жыл сайын оқу жылының бірінші семестрінде 1 қарашаға дейін немесе оқу жылының екінші семестрінде 1 наурызға дейін өткізіледі. Студенттердің бастамасы бойынша тиісті құрылымдық бөлімшеде;

4.5. Кезектен тыс сайлауды өткізу күнін тиісті бөлімшенің басшысы айқындайды;

4.7. Мерзімінен бұрын сайлау Студенттік Кеңес мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда да өткізіледі;

4.8. Студенттік Кеңестің төрағасы(ректоры), Студенттік Кеңес төрағасының орынбасары, Студенттік Кеңестің жауапты хатшысы Студенттік Кеңес құрылғаннан кейін бірінші болып Студенттік Кеңестің қатысып отырған мүшелерінің (жалпы санының 2/3 кем емес) қарапайым көпшілік дауысымен

екі жыл мерзімге, бірақ барлық оқу уақытында екі мерзімнен аспайтын мерзімге сайланады. Студенттік Кеңес құрылғаннан кейінгі бірінші күн студенттік өзін-өзі басқару органдарының қызметіне жетекшілік ететін болып анықталады. Студенттік Кеңестің төрағасы мерзімінен бұрын қайта сайлануы мүмкін;

4.9. Студенттік Кеңес өз басшылығын мерзімінен бұрын сайлау өткізуге құқылы. Мерзімінен бұрын сайлау туралы шешім Студенттік Кеңес мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады.

4.10. Университеттің Студенттік Кеңесінің отырыстарына университет басшылығының өкілдері қатысуға құқылы.

4.11. Студенттік Кеңес төрағасы (ректоры):

- Студенттік Кеңестің отырыстарында төрағалық етеді. Студенттік Кеңес отырысының күн тәртібінің жобасын енгізеді;
- Студенттік Кеңес шешімдерінің орындалуын бақылауды жүзеге асырады;
- Студенттік Кеңестің тапсырмасы бойынша шешімдерді іске асыруды ұйымдастырады;
- Студенттік Кеңес отырыстарының хаттамаларын бекітеді ;
- Студенттік Кеңесті айына кемінде бір рет өзінің қызметі туралы хабардар етеді;
- Жыл сайын білім алушыларды Студенттік Кеңестің қызметі туралы хабардар етеді;
- Өзіне берілген өкілеттіктер шегінде басқа да функцияларды жүзеге асырады.

4.12. Студенттік кеңес төрағасы болмаған жағдайда оның қызметін Студенттік Кеңес төрағасының орынбасары атқарады.

## **5. Университеттің Студенттік Кеңесі мүшесінің құқықтары, міндеттері және өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату**

5.1. Университеттің Студенттік Кеңесінің мүшесі:

- Жалпы жиналыстарға қатысу және кеңесу дауыс құқығымен барлық отырыстарына қатысу;
- Университеттің Студенттік Кеңесінің төралқасына сайлау және сайлану;
- Университеттің Студенттік Кеңесінің кез келген органдарының қызметіне ұсыныстар енгізу;
- Университеттің Студенттік Кеңесінің және президиумның қызметі туралы ақпарат алу;

- Университеттің Студенттік Кеңесінің іс-шараларына міндетті түрде қатысу;

#### 5.2. Университеттің Студенттік Кеңесінің мүшесі міндетті:

- ҚР заңнамасын, Жарғыны, Университет студенттерінің ішкі тәртіп ережелерін, осы Ережені, Университеттің басқа да жергілікті нормативтік актілерін сақтау;
- Студенттік Кеңестің қызметіне қатысу;
- Студенттік Кеңестің жиналыстарында қабылданған шешімдерді орындау;
- Студенттік Кеңестің беделін және имиджін арттыруға ықпал ету;
- Студенттік Кеңестің Жалпы жиналыстарына қатысу;

5.3. Тәртіптік жаза алған Университеттің Студенттік Кеңесінің мүшесі тәртіптік жаза қолдану аяқталғанға дейін жұмыстан уақытша шеттетіледі.

5.4. Студенттік кеңес мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын оның өз қалауы бойынша, сондай-ақ студенттік кеңес мүшелері шақыртылған немесе шығарылған жағдайда тоқтатылуы мүмкін.

5.5. Университеттің студенттік кеңесінің бастамасы бойынша студенттік кеңес мүшесі алынып тасталуы мүмкін. Мүшені шығару туралы бастаманы студенттік кеңестің отырысында төраға немесе мүшелер тобы кемінде үш адам ұсынады және университеттің студенттік кеңесінің барлық мүшелерінің көпшілік дауысымен мақұлданады.

5.8. Студенттік Кеңес мүшесін шығару туралы бастаманы ұсыну үшін негіз болып табылады:

- студенттік кеңестің отырыстарында екі ай бойы жүйелі түрде болмауы;
- студенттік кеңес өткізетін іс-шараларды жүзеге асырудан жүйелі түрде бас тарту.

### **6. Университеттің Студенттік Кеңестің құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-қимылы**

6.1. Университеттің Студенттік Кеңесі, Университеттің лауазымды тұлғаларымен және құрылымдық бөлімшелерімен тең құқылық, өзара түсіністік, ынтымақтастық және жауапкершілік қағидаттарында өзара іс-қимыл жасайды.

6.2. Студенттік Кеңестің ұсыныстары белгіленген тәртіпте университет басшылығымен қаралады.

6.3. Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің өкілдері Студенттік Кеңестің отырыстарына қатыса алады.

## 7. Өзге ережелер

7.1. Университет Студенттік Кеңестің қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті шығындарды өтейді.

### Келісілді:

Жастар саясаты департаментінің  
директорының м.а.



А. Даркембай

### Орындаған:

Жастар орталығының басшысы



А. Исмайлов